

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 49/7 "2020-2022 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Березов ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 12 қарашадағы № 58/7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 қарашада № 6669 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 49/7 "2020-2022 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Березов ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне (2020 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5865 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1 - тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Березов ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 46 232 мың теңге:

салықтық түсімдер – 4 421 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 253 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 41 558 мың теңге;

2) шығындар – 46 232 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге:

қарыздар түсімі - 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары –0 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтістік Қазақстан облысы

Қызылжар аудандық мәслихатының сессия
төрағасы

А.Шушамоин

Солтүстік Қазақстан облысы

Қызылжар аудандық мәслихатының
хатшысы

А.Молдахметова

Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар аудандық мәслихатының
2020 жылғы 12 қарашасы
№ 58/7 шешіміне
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар аудандық мәслихатының
2020 жылғы 6 қаңтардағы
№ 49/7 шешіміне
1 қосымша

2020 жылға арналған Қызылжар ауданының Березов ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Атауы	Сомасы , мың теңге
Сыныбы				
	Кіші сыныбы			
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	46 232
1			Салықтық түсімдер	4 421
	01		Табыс салығы	446
		2	Жеке табыс салығы	446
	04		Меншікке салынатын салықтар	3 975
		1	Мүлікке салынатын салықтар	29
		3	Жер салығы	229
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	3 717
2			Салықтық емес түсімдер	253
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	41 558
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	41 558
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	41 558

Функционалдық топ			Атауы	Сомасы , мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Бағдарлама		
1	2			
			4	5
			2) Шығындар	46 232
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	25 078
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	25 078
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17 428
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 650
04			Білім беру	0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0
		005	Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4 850
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 850
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	1 518
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2 332
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 000
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	11 804
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	11 804
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	11 804
12			Көлік және коммуникация	500
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	500
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	500
13			Басқалар	4 000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 000
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	4 000
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
Санаты			Атауы	Сомасы , мың теңге
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0

		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
7		Қарыздар түсімдері	0
Функционалдық топ		Атауы	Сомасы , мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
16		Қарыздарды өтеу	0
Санаты		Атауы	Сомасы , мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	0
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК